

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Қимылды ойындар мерекесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
30.11.2025СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/184952/>**Кешубаева Гульнар Нуралиевна**

Түркістан қаласы.

«№31 бастауыш мектеп-балабақша» кешені КММ.

Тәрбиеші

Ұйымдастырылған іс- қызметінің технологиялық картасы**Білім беру саласы: Денсаулық****Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Дене тәрбиесі.****Тақырыбы: «Қимылды ойындар мерекесі»**

Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру. Дене шынықтыруға деген қызығушылығын дамыту. Достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ашық ауада көңілді, пайдалы уақыт өткізу.

Өтетін орны: Балабақшаның ауласы спорттық алаң

Керек құралдар: Доптар, құрсаулар (обруч), жалаушалар, конустар, кедергілер, контейнерлер, арналған белгілер, әуен құрылғысы.

1. Кіріспе бөлім**Тәрбиеші:**

– Балалар, бүгін бізде ерекше күн! Біз ашық ауада «Қимылды ойындар мерекесін» өткіземіз.

– Біз бір-бірімізбен жарысамыз, ойнаймыз, көңіл көтереміз!

– Алдымен денемізді қыздырып алайық!

Жалпы дамыту жаттығулары: (Музыка ырғағымен)

1. Қолды жоғары-төмен көтеру
2. Денені оңға-солға бұру
3. Аяқпен жеңіл секіру
4. «Күнге қарай созыл» жаттығуы

2. Негізгі бөлім

Қимылды ойындар ретімен өткізіледі:

Балаларды екі топқа болып алу.

I-топ «Жалын», II-топ «Қыран»

1-ойын: «Кім жылдам?»

Мақсаты: ептілік пен шапшаңдықты дамыту.

Балалардың қолында жалауша болады, белгі бойынша кеглилардын арасымен жүгіріп барып, конустың айналасынан өтіп, қайтып келеді. Ойынды келесі бала жалғастырады.

2-ойын: «Допты досыңа бер»

Мақсаты: бір қатарда тұрып, алдында тұрған бала допты қолмен жоғары көтеріп артындағы балаға береді допты түсіріп алмай ойынды жалғастырады..

3-ойын: «Кеглиді дәлдеп құлат»

Мақсаты: Балалар кеглиді дәлдеп білгіленген орыннан құлату керек. Батылдық пен төзімділікті, мергендіктерін анықтау .

4-ойын: «Майда доптарды кім көп малады.»

Мақсаты: Балалар майда доптарды себеттерге дәлдеп лақтыру, кай топ көп жинайды.

5-ойын: «Қояндар мен қасқырлар»

Мақсаты: реакция мен қимыл шапшаңдығын дамыту.

Балалар – «қояндар», тәрбиеші – «қасқыр». Сигнал бойынша қояндар «ініне» (шеңберге) жүгіріп жасырынуы керек.

3. Қорытынды бөлім

Тәрбиеші:- Жарайсыңдар, балалар! Бүгін бәрің өте белсенді, епті, ұйымшыл болдыңдар.

– Денеңді шынықтырған бала – дені сау, көңілі шат бала!

Балалармен бірге тыныс алу жаттығулары жасалады.

Соңында барлығы «Көңілді балалар» биін билейді .

Қорытынды нәтиже: Балалар таза ауада белсенді қимылдап, көңілді уақыт өткізеді, достық пен командалық рух қалыптасады.

ҚМ АА Қуәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы**. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.